

Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы және жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісін (АҚТҚ/ЖҚТБ) алдын-алу жөніндегі қалалық үйлестіру Кеңес құру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімшілігінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 63 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 22 сәуірде N 1109 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімшілігінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 215 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімшілігінің 2009.03.31 N 215 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының ЖҚТБ-ы міндетіне қарсы іс-әрекеті жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 Қаулысын жүзеге асыру мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6 бап, 1 тармақ 12 тармақшасын, 31 бап, 1 тармақ 17 тармақшасын басшылыққа ала отырып, қала әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы және жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісін (одан әрі - АҚТҚ/ЖҚТБ) алдын-алу жөніндегі қалалық үйлестіру Кеңесі құрылсын.

2. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын-алу жөніндегі қалалық үйлестіру Кеңесінің құрамы N 1 қосымшаға сәйкес қалалық мәслихаттың бекітуіне ұсынылсын.

3. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын-алу жөніндегі қалалық үйлестіру Кеңесінің Ережесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Б.Доспановқа жүктелсін.

Қала әкімі

Қ а л а	ә к і м ш і л і г і н і н
2 0 0 3	ж ы л ғ ы
N	3 1
N 1 қосымша	н а у р ы з д а ғ ы
	қ а у л ы с ы н а

АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу жөніндегі қалалық үйлестіру Кеңесінің (одан әрі - Кеңес) ҚҰРАМЫ

Б.Б.Доспанов - қала әкімінің орынбасары, Кеңес төрағасы;
Қ.Н.Ахметтаев - "Қапшағай қаласының қалалық ауруханасы" мемлекеттік

казыналық кәсіпорнының бас дәрігері, Кеңес төрағасының орынбасары;
А.М.Абитова - Қапшағай қаласының қалалық ауруханасы мемлекеттік
казыналық кәсіпорнының бас дәрігерінің орынбасары, Кеңес хатшысы.

Кеңестің мүшелері:

1. М.С. Абдуллаев - қалалық экономика бөлімінің бастығы;
2. Т.К. Әміров - Шенгелді селолық округінің әкімі;
3. С.К. Әширова - қалалық бас санитар дәрігері;
4. М.К. Бекбатыров - қалалық білім беру бөлімінің бастығы;
5. О.Б. Бекенов - Заречный селолық округінің әкімі;
6. С.О. Дәрбекова - ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы;
7. А.Т. Қамбарова - қала әкімі аппаратының бас маман-заң кеңесшісі;
8. Н.Ю. Носова - мәдениет бөлімінің бас маманы;
9. С.Т. Нұрахметов - Қапшағай қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы;
10. Ш.А. Өксікбаева - қалалық қаржы бөлімінің бастығының міндетін
атқарушы ;
11. Г.Б. Соппекова - қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты
әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы;
12. З.В. Хан - "Қапшағай" газетінің редакторы (келісім бойынша);
13. С.И. Хомутов - Қапшағай қалалық мәслихатының депутаты (келісім
бойынша).

*Ішкі саясат және әлеуметтік
сала бөлімінің бастығы*

Қ а л а		ә к і м ш і л і г і н і н
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	3 1
N	6 3	н а у р ы з д а ғ ы
		қ а у л ы с ы н а

N 2 қосымша

**АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу жөніндегі қалалық үйлестіру Кеңесінің (одан әрі Кеңес)
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы бөлім

М а қ с а т ы :

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі
Қазақстан Республикасының ЖҚТБ-ы міндетіне қарсы іс-әрекеті жөніндегі 2001-
2005 жылдарға арналған Бағдарламаны бекіту туралы" N 1207 қаулысын
орындау үшін қатыстырылған бөлімдер мен мекемелер өзара тиімді
іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

2) Кеңес өз жұмыстарында Қазақстан Республикасының АҚТҚ/ЖҚТБ
жөніндегі Заңдарын, Қазақстан Республикасының Үкімет Қаулыларын, облыс
әкімінің шешімдерін және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені
б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

М і н д е т т е р і :

- 3) ЖҚТБ алдын алу мен оған қарсы күрес жұмыстарын әзірлеу және өткізу;
- 4) АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды нәтижелі және жоғары сапада жүргізіп АҚТҚ/ЖҚТБ міндетін тұрақтандыру;
- 5) қатыстырылған бөлімдер мен мекемелер үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алуға бағытталған жұмыстарын үйлестіру;
- 6) халық арасында арналған мақсатты түрде оқу-ағарту бағдарламасын енгізу және оның орындалуын ұйымдастыру;
- 7) АҚТҚ/ЖҚТБ міндетіне қарсы іс-әрекеттер жөніндегі 2002-2005 жылдарға арналған қалалық іс-шараларды іске асыру;
- 8) Емдік-диагностикалық және алдын алу шараларына қажетті қаржы көздерін іздестіру және оның бөлуіне ықпал ету.

2. Кеңес қызметі

9) АҚТҚ/ЖҚТБ міндетін тоқтату жөніндегі қалалық іс-шараларды орындауға қатыстырылған мекемелердің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді, оны іске асыру жолдарын және қаржы көздерін анықтайды, қоғамдық үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен бірлесе жұмыс істей отырып, АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу және қоғамдық күреске бағытталған мәселелері жөніндегі өзара іскер байланысты жүзеге асырады;

10) Қапшағай аймағының көлемінде ЖҚТБ міндетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі іс-шараларының орындалуын бақылап, орындаушылардың жұмысын тыңдап, керекті жағдайда қала әкімшілігінің мәжілісінде мәселе көтереді;

11) АҚТҚ/ЖҚТБ-ның төтенше міндет орын алған жағдайда, шаралар төтенше міндетке қарсы комиссияның жұмысына сәйкес жүргізіледі.

3. Басшылық және құрылым

12) Кеңесті қала әкімінің орынбасары басқарады;

13) ұйымдастыру-әдістемелік, Кеңес және іс жүзінде көмек көрсету жұмыстарын Республикалық ЖҚТБ алдын алу және онымен күрес орталығы жүзеге асырады;

14) Кеңестің отырысы жылына екі рет, ал міндет жағдайының асқынуы кезінде жоспардан тыс, шұғыл түрде өткізіледі.

4. Кеңестің құқықтары

15) мекемелерден, ұйымдардан ЖҚТБ міндетіне қарсы іс-әрекеттер жөніндегі Қапшағай аймағында қалалық іс-шараларын орындалу барысы туралы ақпараттар жинау;

16) қалалық іс-шараларының орындалу барысы қала әкімшілігінің мәжілісіне қаралуына ұсыну;

17) хаттама-қаулыларды дайындап, толықтай немесе қысқартылған түрде орындаушыларға жеткізу.

*Ішкі саясат және әлеуметтік
сала бөлімінің бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК